

"Манап ауылдық округінің 2021-2023 жылдарға арналған бюджеті туралы" Жаңақорған аудандық мәслихатының 2020 жылғы 30 желтоқсандағы №605 шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Қызылорда облысы Жаңақорған аудандық мәслихатының 2021 жылғы 25 наурыздағы № 30 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2021 жылғы 1 сәуірде № 8237 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі" Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы кодексінің 109-1-бабының 4-тармағына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабының 2-7-тармағына сәйкес, Жаңақорған аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. "Манап ауылдық округінің 2021 – 2023 жылдарға арналған бюджеті туралы" Жаңақорған аудандық мәслихатының 2020 жылғы 30 желтоқсандағы №605 шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 8127 нөмірімен тіркелген, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілердің эталондық бақылау банкінде 2021 жылғы 20 қаңтарда жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

1-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"1. Манап ауылдық округінің 2021–2023 жылдарға арналған бюджеті тиісінше 1, 2 және 3-қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2021 жылға мынадай көлемде бекітілсін:

1) кірістер – 53 449 мың теңге, оның ішінде:

салықтық түсімдер – 1 116 мың теңге;

салықтық емес түсімдер – 42 мың теңге;

негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 0;

трансферттер түсімдері – 52 291 мың теңге;

2) шығындар – 53 859,9 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредиттеу – 0:

бюджеттік кредиттер – 0;

бюджеттік кредиттерді өтеу – 0;

4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо – 0:

қаржы активтерін сатып алу – 0;

мемлекеттік қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер – 0;

5) бюджет тапшылығы (профициті) – - 410 мың теңге;

6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 410 мың теңге:

қарыздар түсімі – 0;

қарыздарды өтеу – 0;

бюджет қаражаттарының пайдаланылатын қалдықтары – 410 мың теңге.".

Аталған шешімнің 1-қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім 2021 жылғы 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялауға жатады.

Жаңақорған аудандық мәслихатының кезектен тыс III сессиясының төрағасы

Жаңақорған аудандық мәслихатының хатшысы

М. Балкожаев

Г. Сопбеков

Жаңақорған аудандық мәслихатының
2021 жылғы 25 наурыздағы № 30
шешіміне қосымша

Жаңақорған аудандық мәслихатының
2020 жылғы 30 желтоқсандағы № 605
шешіміне 1-қосымша

Манап ауылдық округінің 2021 жылға арналған бюджеті

Санаты			Сомасы , мың теңге
Сыныбы			
Ішкі сыныбы			
		Атауы	
		I. Кірістер	53 449
1		Салықтық түсімдер	1116
	04	Меншікке салынатын салықтар	1116
		1 Мүлікке салынатын салықтар	16
		3 Жер салығы	100
		4 Көлік құралдарына салынатын салық	1 000
2		Салықтық емес түсімдер	42
	01	Мемлекеттік меншіктен түсетін салықтық емес түсімдер	42
		5 Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	42
4		Трансферттердің түсімдері	52 291
	02	Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	52 291
		3 Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер	52 291
Фнкционалдық топ			
Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі			Сомасы , мың теңге
Бағдарлама			
		Атауы	
		II. Шығындар	5 3 859,9
1		Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	21 080
	124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	21 080
		001 Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	21 080
5		Денсаулық сақтау	47

124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	47
	002	Шұғыл жағдайларда науқасы бар адамдарды дәрігерлік көмек көрсететін жақын жердегі денсаулық сақтау ұйымына жеткізуді ұйымдастыру	47
6		Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру	2 706
	124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	2 706
	003	Мұқтаж азаматтарға үйде әлеуметтік көмек көрсету	2 706
7		Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	5 959
	124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	5 959
	008	Елді мекендерде көшелерді жарықтандыру	1 410
	009	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	159
	011	Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	4 390
8		Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік	17 853
	124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	17 598
	006	Жергілікті деңгейде мәдени-демалыс жұмысын қолдау	17 598
	124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	255
	028	Жергілікті деңгейде дене шынықтыру-сауықтыру және спорттық іс-шараларды өткізу	255
13		Басқалар	6 214
	124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	6 214
	040	Өңірлерді дамытудың 2025 жылға дейінгі мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде өңірлерді экономикалық дамытуға жәрдемдесу бойынша шараларды іске асыруға ауылдық елді мекендерді жайластыруды шешуге арналған іс-шараларды іске асыру	6 214
15		Трансферттер	0,9
	124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	0,9
	048	Пайдаланылмаған(толық пайдаланылмаған) нысаналы трансферттерді қайтару	0,9
		3. Таза бюджеттік кредит беру	0
		4. Қаржы активтерімен жасалатын операциялар бойынша сальдо	0
		5. Бюджет тапшылығы (профициті)	-410,9
		6. Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитті пайдалану)	410,9
8		Бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары	410,9
	01	Бюджет қаражатының қалдығы	410,9
	1	Бюджет қаражатының бос қалдықтары	410,9